

Риддер қаласындағы көшпелі сауда орындарын белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 21 тамыздағы № 505 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 27 қыркүйекте № 2676 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 7 қарашадағы № 1035 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 07.11.2017 № 1035 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі "Сауда қызметін реттеу туралы" Заңының 8, 27-баптарына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 тіркелген) бұйрығымен бекітілген Ішкі сауда қағидаларының 102-тармағына сәйкес Риддер қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 25.03.2016 № 203 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қосымшаға сәйкес Риддер қаласының аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру орындары белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Риддер қаласы әкімінің орынбасары С.В. Кагармановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Риддер қаласының әкімі

М. Сапарғалиев

Риддер қаласында көшпелі сауданы жүзеге асыру орындарының тізбесі

1. Гоголь көшесі аумағындағы "Огонек" шағын-базарында.
2. Гоголь көшесіндегі "Огонек" дүкені маңында.
3. Төртінші ықшамауданның орталық базарында.
4. Тәуелсіздік даңғылындағы "Астана" дүкенінің маңында.
5. Индустриальная көшесі, 15 "Глория" дүкені мен "№ 9 орта орталау мектебі" мемлекеттік мекемесінің арасы.
6. Тәуелсіздік даңғылындағы "Алтай қонақ үйі" автобус аялдмасындағы № 8 және 10 үйлердің арасында.
7. Тәуелсіздік даңғылындағы "Аслан" дүкенінің маңында.
8. Гоголь көшесіндегі "Рябинушка" дәмханасы ауданында.
9. Төртінші ықшамаудандағы "Қазақстан" дүкенінің ауданында.
10. Үшінші ықшамаудандағы "Реал" дүкенінің маңында.
11. Үшінші ықшамаудандағы "Арбат" дүкенінің маңында.
12. Киров көшесіндегі "Старый город" дүкенінің маңында.
13. "Жетінші үй басқармасы" автобус аялдмасы маңында.
14. Дрейман көшесіндегі төртінші ауданның алаңы маңында.
15. Теміржол вокзалы маңында.